ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 23 шілде № 4360-24-00-2/1684 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.Қ.Жүсіпов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша электронды форматтағы азаматтық істі жеке-дара қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«SKass» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2.тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танып, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «SKass» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «SKass» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 124821 (бір жүз жиырма төрт мың сегіз жүз жиырма бір) теңге тұрақсыздық айыбы, 5591 (бес мың бес жүз тоқсан бір) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған

(жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Т.Қ.Жүсіпов**

Заңды күшіне енген күні: 03.09.2024 Судья Жүсіпов Т.К. 05.09.2024